

КИІЗ ҮЙДІҢ ДАМУ ГЕНЕЗИСІ - КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТИ

Сара КРЫКБАЕВА*
Ардақ НЫҒМЕТОВА**

Түйіндеме: Мақалада көшпелілердің мәдени көрсеткіші саналатын киіз үйдің шығу тарихы, халықтық дәстүрі мен утилитарлық ерекшеліктерін қарастырылған. Авторлар киіз үйді тұрғын үйдің түрі ретіндегі тарихи алғышарттары мен даму кезеңдерін талдайды, оның негізгі құрылымдық элементтеріне сипаттама береді. Қазақ киіз үйінің өзге көшпелі халықтардың баспанасынан құрылымдық, мәдени және этнографиялық ерекшеліктері айқындалады, күмбезді, киіз үй тәріздес сәулеттік кешендер сыртқы қоршаған орта мен кеңістіктің бүтін бір көркем ансамбль ретінде сомдалуы қарастырылады. Киіз үй жай ғана тұрғын үй емес, Еуразия халықтарының рухани байлығымен материалдық құндылықтарды біріктіретін идеяларды жинақтаған халық өнерінің ерекше түрі деген идеяны ашуға ерекше назар аударылады. Авторлардың пікірінше, киіз үй – халықтың көшпелі өмірінің идеялық тәжірибесін және оның дәстүрлі рухани және материалдық өмірін айқындаған қазақтардың көшпелі өркениетінің символы және жәдігері іспеттес.

Көшпелі киіз үй тарихының проблемалары зерттеушілердің қызығушылықтарын арттырса да, бүгінгі күнге дейін жеткілікті түрде дамымаған күйінде қалып отыр, оған соңғы жылдары жарияланған еңбектер дәлел.

Ұлы даланың ерекше рухы, салт-санасы мен құндылықтары, қазақтың өмірлік философиясы көшпелі халықтардың баспанасы болған киіз үйдің мыңдаған жылдық тарихы, мәдениетіміздің асыл қазынасы тұрғысынан айшықталады. Қазіргі Қазақстанның сәулеттік құрылыстары мәдениетіміздің өзге салаларымен қатар дамып, өзінің құндылығын арттырып келеді. Қазақтың киіз үйі халықтың материалдық мәдениетінің элементі ғана емес, сонымен бірге әлемнің діни-мифологиялық бейнесі туралы ең алуан түрлі ақпаратты қамтитын символизмді қамтиды.

Тірек Сөздер: *Киіз Үй, Баспана, Күмбез, Шаңырақ, Көшпенділер*

Genesis of Yurt Development - Civilization of Nomads

Abstract: The article discusses the history of origin, folk tradition and utilitarian features of the yurt, which is considered a cultural indicator of nomads. The authors analyze the historical background and stages of development of the yurt as a type of dwelling, and describe its main structural elements. Other nomadic peoples of the Kazakh dynasty are characterized by their economic, cultural and ethnographic characteristics; domed, yurt-shaped architectural complexes are considered the personification of the external environment and space as a single artistic ensemble. Particular attention is paid to revealing the idea that a yurt is not just a dwelling, but a unique type of folk art that combines the ideas of combining material values with the spiritual wealth of the peoples of Eurasia. According to the authors, the yurt is both a symbol and relic of the nomadic civilization of the Kazakhs, defining the ideological experience of the nomadic life of the people and their traditional spiritual and material life.

Although the problems of the history of nomadic yurts have increased the interest of researchers, they remain poorly developed to this day, as evidenced by works published in recent years.

The unique spirit, customs and values of the great steppe, the Kazakh philosophy of life will be revealed from the point of view of the thousand-year history of the yurt, which was a refuge of nomadic peoples, and a precious treasure of our culture. Architectural structures of modern Kazakhstan are developing along with other areas of our culture and increasing their importance. The Kazakh yurt is not only an element of the material culture of the people, but also contains symbolism that contains a wide variety of information about the religious and mythological picture of the world.

Key Words: *Yurt, Shelter, Dome, Shanyrak, Nomads*

Кіріспе

Киіз үй – көшпенді тұрмыстың төл туындысы. Көшпенділер өркениетінде киіз үйдің пайда болуы қола дәуірінен бастау алып, б.з.б. VII-ғасырда кеңінен пайдаланып, киіз басу өнері арнайы кәсіпке айналған. Алтай Сібірдегі Қызылжар тасынан, Қырымдағы тасқа қашап түсірілген суреттерден киіз үйдің кең тарала бастағанын көруге болады. Көшпелі сақ тайпалары алғаш рет киіз үйді пайдаланғанын ежелгі грек

* өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, krykbayevasara@gmail.com

** Халықаралық Білім беру корпорациясы (ХБК), Дизайн факультетінің профессор ассистенті, nigmetovaardak@mail.ru

тарихшысы Геродот былай жазады: «Киіз үйдің сыртқы пішіні, қабырғалары шеңбер, төбесі күмбезденіп келеді».

Баспаналар біртіндеп жақсартылып, жаңғыртылып, өзгертіле беруімен бірге шаңырағы, уық, керегелері біріне-бірі сәйкестеніп, жығып-тігуге қолайлы, жеңіл, ықшам етіліп жасалған. Киіз үй халықтың астрономиялық, метрологиялық (жадылық), математикалық, физикалық, экономикалық т.б. өмірлік тәжірибесіндегі білімнің айқын көрсеткіші [1].

Татар халқының тұрақты тұрғын үйлері болмаған, саяшалары (хыжина) мен шатырлары (палатка) киізбен қапталған таяқтардан тұрған және олар мүлдем дөңгелек болғандықтан жинау өте жеңіл. Татарлар көшіп-қону кезінде оларды төрт дөңгелекті арбалармен апарған және оларды жайғанда есік жағын оңтүстікке қаратқан. Арбаның үстінде киізді жабынды жауын-шашынды өткізбейді [2].

Жылжымалы тұрғын үйдің дамуының өзіндік тарихи тамыры бар. Жылжымалы тұрғын үйдің пайда болуы ежелгі дәуірде адамдардың тұрмыс тіршілігімен, көшіп қону өмір салтымен тығыз байланысты. Жылжымалы тұрғын үйдің даму тарихына моңғол және түркі халықтарының көшпелі өркениетінің өкілдері өмір салты мен үй шаруашылығының сипаты арқылы өзіндік баспаналарының пішіндері мен құрылымдарына із қалдырды [3].

XIX ғасырдың соңында Н. Н. Харузин дала көшпенділерінің тұрғын үй тарихының жасалуын алғаш рет зерттеген. Ол XVIII-XIX ғғ. Ресейдің көшпелі және жартылай көшпелі түркі—моңғол халықтары тұрғын үйлерінің конструкцияларын салыстырады [4].

Киіз үйі – ғаламның моделі, бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы киелі орын. Киіз үйдегі кеңістік – қазақ дүниетанымының тоғысқан жері. Ғасырлар бойы адамның өмірі өтетін тұрақты мекен-тұрағы [5].

Киіз үй көшпелі өркениеттің жауһары ретінде Евразияның Ұлы дала халықтарына тән жеңіл жылжымалы тұрғын үй түрі. Этнография және археологиялық деректер бойынша киіз үй тұрғын үй ретінде б.з.б. XII-IX ғ.ғ. пайдаланылған. Солтүстік Қытайдың қыш мүсіндердің ішінен табылған жылжымалы арба түріндегі ойыншықтар алғашқы құжат түрдегі ақиқат болып табылады. Қытай Орта Азия, Туркия халықтарының миниатюраларында киіз үй бейнелерінің көрінісі көре аламыз [6].

Түріктер мен моңғолдардағы киіз үйдің құрылымы біршама ерекшеленеді. Түрікмен киіз үйлерінің қос ағаш есіктері бар. Қазақ және қырғыз киіз үйлерінде ағаш есіктің орнына киізден жасалған шатыр жиі қолданылады. Өзбекстанда мұндай тұрғын үй түрі Қарақалпақстанда, Сурхандарияда және басқа да көптеген облыстарда кең таралған.

Қарақалпақтар ежелден киіз үйдің бірнеше түрін пайдаланған: қара киіз төселген кәдімгі қара-үй киіз үй және жеңіл киізбен жабылған мерекелік отау-үй киіз үй.

Жазда тоғандар мен ағаштардың көлеңкесіндегі суару арықтарына салқындық үшін киіз үйлер тігілсе, киіз ашылып ауа дәлізі орнатылды, ал қыста кірпіш үйлердің жанынан жабық аула салынып, оның жанына киіз үй орнатылды. Бүгінгі таңда Орталық Азияның дәстүрлі киіз үйі тек жазда ғана пайдаланылады.

Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданының Алыбай ауылына жақын жердегі табылған шатыр түріндегі жартастағы суреттерде жылжымалы тұрғын үйдің шығу тегінің тағы бір дәлелі болып табылады. Атасу, Бұғылы, Чаглинка андрондық елді мекендерінде қазба жұмыстарын жүргізген археологтар түтін шығатын және күн жарығы түсетін шаңыраққа (қаңқа) өңделмеген бөренелерден жасалған керегелерді, уықтары бар алтықанатты дөңгелек құрылыстарды тапқан. Ғалымдар жүргізілген қазба жұмыстардағы зерттеулер негізінде киіз үй ерте кезде пайда болды, а оның түпнұсқасы – андрондық дөңгелек тұрғын үйлер деген тұжырымға келді [7].

Көшпенділердің бүкіл өмірі киіз үймен байланысты, киіз үй халықтың материалдық мәдениетінің элементі ғана болған жоқ, сонымен бірге олардың дүниетанымын да бейнелеген. Бұл ежелгі тұрғын үйдің пішіні, дизайны мен пропорциялары көшпелілер әлемінің бейнесін көрсетеді. Киіз үйдің дөңгелек пішіні табиғатты бұзбай дала пейзажына органикалық түрде адам мен табиғаттың бірлігін сәйкестендірген. Жер бетінің шетсіз-шексіз кең далада көрініп, ғаламның іргетасын қалаған Дүниежүзілік тауды бейнелейді. Оның жоғары дәрежелі идеяларға сәйкес тік және көлденең құрылымдармен ұйымдастырылған. Киіз үйдің дөңгеленген жарты шар пішіні сыртқы әлемге қатысты аспан күмбезінің дөңгелек сызығын қайталайды. «Киіз үйдің (шеңбердің) геометриялық қарапайым көрінісі мен пішіні, оның үстіндегі ою-өрнектерімен ерекшеленді. Әлемнің көлденең және тік моделін күмбезді бейнелейді». Киіз үй – түркі жер кеңістігінің орталығы. Ертегілерде киіз үй сюжеттің даму нүктесі ретінде қызмет етеді, кейіпкердің киіз үйден шығып, соңында киіз үйіне оралуы немесе жаңасын табуы, мысалы, қазақ халқының «Ер-Төстік» «Алып Алпамыс», «Балтекей бидің сарайы» ертегілерінде суреттеледі [8].

Табиғи-климаттық факторлардың әсерінен тастардың қатты түрлері өткір қырсыз дөңгелек, сопақша пішіндерге айналатынын көреміз. Киіз үйдің даму тарихында табиғи факторлар мен әлеуметтік-шаруашылықтың ықпалынан бұрышсыз, қырсыз пішінді оңтайлы параметрлерін қалыптастырды.

Киіз үй құрау элементтері конфункционалды. Мысалы, жоғары ағаш шеңбер – «шаңырақ», күмбезді бөліктің торапты байланысын біруақытта кешке мұржаның және күндіз жарық көзі рөлін атқарады. Шаңырақ ортасындағы айқас доғалы, таяқшалар күлдіреуштің арқасында киіз үйдің жарық жағы бойынша тұрғызуда үнемі көшу кезінде жұлдыздардың орнын анықтау үшін бағдарлауға пайдаланған. Халық арасында шаңыраққа күн сипатының символикасы практикалық маңыздылығына сай және пішінінің ерекшелігіне байланысты маңызы зор.

Киіз үй әр өңірдің қатал климаттық жағдайына қарсы тұра алуының нәтижесі оның ықшамдылығы, оның көшіп-қонуға ыңғайлығы, тез жиналуы, элементтердің мықтылығы мен жеңілділігі қарапайым құрылымы анықтады.

Ботай елді мекенінен табылған жоғары деңгейдегі археологиялық кешенді тұрғын үй түрі негізінен көпқабырғалы, тереңдігі 1,5 м дейін жартылай қазылған болып келген. Көпқабырғалылығының көлемі диаметрі 15-20 см бөренелермен бірінің үстіне бірі жабылған құрылыс болған. Бөренелердің әр қабаты кішірейіп отырған, тұрғын үйдің үстіңгі ашық тұрған тесігі бар қақпақ жарық түсуге арналған, ол бір мезетте түгін шығатын мұржаның рөлін атқарған. Бұл тұрғын үйдің төбесі күмбез типтес пішінде болған.

Ботайлықтардың тұрғын үйінің күмбезделген жабындысы әлемдік сәулетті күмбез құрылыстың ең ерте түрі деп айтуға негіз бар.

Тұрғын үйлер топ-тобымен (жанұя-туыстық байланыстар), бір біріне жақын салынған, олардың арасында (қыс кезінде өзара араласу үшін) жер асты өткелдері болған. Жарық түсетін қақпақ мұржа крест түрінде (шаңырақтағы күлдіреуіш) болған, ол түнде және ауа райының бұзылуына байланысты құрылымы киізбен жабылатын. Бұл тәңір құдай бастауының бір көрінісінің негізгі атрибуты болып табылатын тең жақты крест екені анық. Аңыздардағы тәңірлік жүйесінің кейбір белгілері палеолит және оның соңғы кезеңі энеолитте нақты-белгілік атрибутикасы қалыптасты. Тәңір құдайының көк аспаны жарық қақпағына айқасқан кресттен көрінеді.

Ботай мәдениеті жайлы алғашқы мәліметтер өткен ғасырдың 1970 жылдары жариялана бастады. Әлемдік сәулет тарихында күмбезді құрылыстарға бастау болған ботайлықтардың өздерінің тұрғын үйлері ғаламның космостық образын жер моделін жасау нәтижесі болып табылады. (1-сурет а, ә). Тұрғын үй күмбезіндегі мұржа немесе

жарық қақпағының крест құрылымы аспан (космос стихиясы) және жермен (адамдардың өмірі) арасындағы шынайы шеті болып қабылданды. Киіз үйді тұрғызғанда күлдіреуішті әлемнің әлем жағына бағдарлаған [9].

Сурет 1: а) Ботай мәдениетіндегі тұрғын үйлер сызбасы; ә) Ботай мәдениеті көрінісі



Сәулет өнерінің жинамалы және жылжымалы үлгісі саналатын киіз үйдің бойынан халқымыздың рухани әлемі, ұлттық болмысы, дүниетанымы, эстетикалық талғамы орын алған.

Алып аспанды «көк күмбез» деп атаған халқымыз аспанды шаңыраққа, одан төменгі кеңістікті уыққа, көкжиекті керегеге ұқсатып, киіз үйді әлемнің кіндігі деген. Белгілі зерттеуші Атилла Сансызбайұлы былай деп тұжырымдайды: «Киіз үйдегі кеңістік – қазақ дүниетанымының тоғысқан жері. Киіз үй – ғаламның моделі. Шаңырақ – күннің символы. Күлдіреуіш – төрт тарап. Уықтар – күннің сәулесі. Ошақ – адамның оты. Төр – ақ пен қараның аражігін ажырататын адамның орны. Сол жақ босаға – әйелдің, оң босаға – еркектің символы».

Қазақ халқының «Есігің – есің, босағаң – сесің, табалдырық – тәубең, маңдайша – мәртебең, шаңырақ – пірің, туыс – керегең, төр – дәрежең, ошағың – ырыс, түтінің – тыныс, белдеуің – қорған, түндігің – тегің, туырлық – елің, уығың – ерің, осының бәрін көтерер–қасиетті қара жерің» деген нақыл сөздерінің мәні бар. Сан ғасырлық тәжірибені бойына жинаған көшпелілердің өмір сүру қажеттілігінен, ой-өрісі мен талғам –тынысы, танымынан туындаған көрініс киіз үйдің бойына шоғырланған (2-сурет).

Сурет 2: Киіз үйдің ішкі көрінісі



Киіз үйдің өлшемдері адамның масштабына оңтайлы сәйкес келеді, ішкі орналасуы оның тұрғындарының қызығушылықтары мен талғамдарын ескерді және дала жағдайында үй шаруашылығының ең қолайлы жұмысын қамтамасыз етеді. Киіз үй қажетті материалдар белгілі бір аймақта үй салу кезінде ескеру қажет маңызды фактор болып табылады. Бір қарағанда, дала тұрғындарының көпшілігі үшін киіз үйлер уақытша баспана болып көрінгенімен, бұл үйлер Азиядағы көшпелі тайпалар мен халықтардың тұрақты мекені болған. Осы себепті құрылысқа арналған материалдар мүмкіндігінше ауа райына төзімді, берік және экологиялық таза болып таңдалды.

Ежелгі көшпенділер тірек конструкциясын жасауға ағашты (торлар мен сырықтарды) пайдаланды, бірақ тор құрылымдарының арасына жүн киіз толтырып немесе оны жел ұшырмайтын терімен жабуға болатын, ол дымқыл, ішкі кеңістіктерді суықтан, ылғалдан және ыстықтан қорғайды. Енді олар су өткізбейтін маталармен ауыстырылды.

Киіз үйлердің көлемі керегелер санына қарай айқындалады. киіз үйлердің екі, үш қанаттан бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқ дейін жететін үлкен түрлері болғанын академик Ә.Марғұланның еңбегіне айтылады [10] (3- сурет).

Сурет 3: Қазақ киіз үйі



Киіз, ақ үйлердің түрлері мен атаулары да көп. Бұларды, ақ ала орда, ақ орда, ақ шаңқан, алтын орда, алтын үзік деп атаған. Ал орташа шаруа мен кедей шаруаларға тән киіз үйлерді алты қанат, ақ үй, боз үй, қоңыр үй, қара үй, қара лашық, қалмақ үй, лашық аран, жаба салма, көтерме туырлықты, кепе, ұранқай, күрке, қамсау, (шошала) отау, итарқа, жаппа деп атаған. Кішігірім қақыра немесе қалқа сияқты үйлер көбінесе соғыста майдан шебіндегі далада, кейде қорған есебінде тігілетін болған. Қазақ киіз үйлерінің негізінен екі түрі болған: «қыпшақ үлгісі», «қалмақ үлгісі». «Қыпшақ үлгісіндегі киіз үйдің иығы шығынқы, мінсіз дөңгелек болса, қалмақ үлгісі шаңырақсыз, еңсесіз шошақ үй. Ертеде Дах массагеттерде шошақ, не жартылай сфералық түрдегі, ағаш пен киізден тігілетін күрке немесе киіз үй сияқты алып жүруге ыңғайлы жиналмалы тұрғын үйлерді пайдаланғаны тарихтан дәлел. Киіз үйдің жықпалы түрімен қоса, киіз пішіндес жасалған (дық, шошала) түрлері болғанын академик Ә.Марғұлан жазған. Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі елімізде өнеркәсіп, мәдениет, қоғамдық тамақтану саласында және түрлі іс шараларда кеңінен қолданылуда, тіпті көрші елдердің де қызығушылығын тудырып, назарын аударуда [11].


Көшпелі халықтардың барлығы дерлік әлі күнге дейін киіз үйді өзінің дүниетанымының, тұрмыс-тіршілігінің бір бөлшегі деп санауы тегін емес. Құрастыруға оңай, тасымалдауға ыңғайлы киіз үй әлі күнге дейін Қазақстанда, Башқұртстанда, Қырғызстанда, Моңғолияда қолданылуда... Қолданбалылығының арқасында ол әлі күнге дейін малшылар арасында танымал. Киіз үйдің прототипі бұтақтардан тоқылған, киізбен жабылған дөңгелекті шатыр болды. Түйе тобымен тасымалданған осындай үйлер соңғы қола дәуірінде пайда болды. Орта ғасырларда Орта Азия далаларының кең жерлерін аралайтын алып шатырлар замандастарының қиялын таң қалдырды. 16 ғасырдың басында ғалым-тарихшы Фазалла ибн Рузбихан жылжымалы тұрғын үйлерді былайша сипаттайды: «Мені ауа кеңістігінде тұрғандай салынған үйлердің ерекше құрылымы таң қалдырды. Мен терезелері киіз пердемен жабылған үлкен шатырларды көрдім. Бүкіл кеңістік тамаша үйлерге толы, сондықтан сұлулыққа, шеберлікке және сымбатқа таң қалады». Таулы аймақтарға арбадағы ыңғайсыз тұрғын үйлер 18-19 ғасырларда қолданыстан шығып, олардың орнын киіз үйлер басты.

Ежелгі заманнан бері қаңқалы ғимараттардың ең көне түрлерінің бірі болып табылатын киіз киіз үй Еуразияның көшпелі және жартылай көшпелі малшыларының тұрақты мекені ретінде бүгінге дейін дерлік сақталған. Оның бүкіл ұлы дала белдеуіне

кең таралуына, ең алдымен, бірегей сәулеттік және функционалдық қасиеттерінің органикалық үйлесуі ықпал етті.

Қазақстан қылқалам шеберлерлері де ежелгі киіз үйдің бейнесін өз шығармаларына арқау етіп, кең жазиралы даланың әсем көрінісімен жеткізе білген. (4-сурет).

Сурет 4: В. Верещагин. Қырғызстан. Шу өзен жағалауындағы киіз үй, 1875.



Қазақтың киіз үйі – көне заманнан келе жатқан, бүгінгі күнге дейін қолданыста болған дәстүрлі тұрғын үй. Қазақтың киіз үйі – Ұлы дала тұрғындарына тән көшпелі тұрғын үйдің ерекше түрі. Сәулеті ерекше, күрделі семантикалық мағынасы бар киіз үй түркі-моңғол тайпаларының мәдени даму деңгейін және олардың күрделі идеологиясын көрсетеді. Бұл баспана түрінің бірегейлігі, киізден және икемді тал шыбықтарынан жасалған сәулет өнері бүгінде әрбір қазақ үшін Отанының, халықтың ежелгі мәдениетінің сыйымды символына айналды. Қазақтың киіз үйі туралы айтатын болсақ, ол баспана ретінде көшпелілердің тұрмыс-тіршілігін ескере отырып, нақты есептеліп, ойластырылған және оның безендірілуі декорациясының сәндік әсемдігімен ерекшеленіп қана қойған жоқ, бірақ киіз үйді құрудың принципі олардың қоршаған әлемге деген көзқарастарының көрінісі болды. Қазақтың киіз үйінің символикасы киіз үйдің рухани, мәдени және ғылыми-философиялық мәнін аша отырып, ерекше назар аударуды қажет етеді. Көшпелілер мәдениетінің символизмі әлемге деген философиялық көзқарасты білдіріп, өмір сүру нормасы болды. Дүние мен өмір философиясы бөлінбей олар өзара байланысты болды. Бірқатар қазақ ғалымдары Ә.Төлеубаев, Н.Шаханова, М.Қарақұзова, Ж.Хасанов, Б.Ибраев және басқалары қазақтың киіз үйінің дизайнындағы ежелгі ғарыштық жүйенің көрінісі туралы еңбектер жазды.

Киіз үй - «Атамыз - Алаш, керегеміз - ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» деп, аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. Киіз үй - тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ жайы. 12-13 ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Шоқан Уәлихановта айтқан. Мысалы, 90-шы жылдар басында Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлардың, Бұқар жыраудың, ұлы Абайдың, Жамбылдың тойында киіз үйлер жүздеп, мыңдап тігіліп, оларға бәйгелер белгіленді. Көшпелілер үйлері тарихындағы ең маңызды және қызықты мәселелердің бірі – киіз үй генезисі, оны дала көшпелілерінің материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерінің бірі деп санаймыз. Көбінесе аңшылық, бақташылық, кейде жартылай отырықшы халықтардың шымнан (конусты үйшік) көпбұрышты бөрене үйшікті басқа типтегі тұрғын үйлері киіз үй деп аталған. Көшпелілердің материалдық мәдениетінің көрсеткіші киіз үйдің генезис мәселесі дербес қызығушылық тудырып қана қоймай, көшпелілер мәдениеті тарихының жалпы мәселесімен тығыз байланысты қарастырылады.

Киіз үйдің ағаш бөліктерінің безендірілуі, киізден жасалған бұйымдардың өзіндік орындалуы және оларды көркемдеп өңдеу қазіргі қолданбалы өнер суретшілерін таң қалдырады. Эргономикалық көрсеткіштері бойынша киіз үйдің барлық параметрлері қазақтардың көшпелі өмір салтының қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Киіз үйдің іші: дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнермен және сәндеу безендірілуімен ерекше. Мұндай утилитарлық ерекшеліктер оны кез келген көшпелі халықтың өмірінде таптырмас элемент деуге болады.

Киіз үй өзінің символдық мәнін сақтап, Наурыз мейрамында жиі қолданылады, ал ауылдық жерлерде көшпелілер – шопандар арасында сұранысқа ие. Ата-баба дәстүрін киелі ұстанған көшпелі халықтың ұрпағы киіз үйді сатып алуды жалғастыруда.

Қазіргі таңда ас пен тойлардың және соған сәйкес ұлттық мәдениет жәдігерлеріне сұраныстың артуы киіз үйге деген көзқарасты өзгертті. Ірі той-думандарда тігілген киіз үй сән-сәулетімен, ұлттық жиһазды дәулетімен, ұлттық құндылықтарымен таң қалдыруда. Киіздер ақ тоқтының жүнінен басылып, желбау, басқұр, тұскиіз, ыдыс-аяқ, төсеніштер, ер-тұрман, ұлттық киім, әсем бұйымдар киіз үй байлығын айшықтай түседі. Киіз үй қазақ елінің төл мәдениеті мен өнерінің құнды көрсеткіші деп бағалаймыз. Орталық Азиядағы туризмді дамытудың қазіргі жағдайында көптеген халықтар киіз үй туризмін дамытуда, мысалы, Қырғызстан мен Моңғолияда қонақтар көшпелілердің киіз үйінде біраз уақыт қоныстана алады. Көптеген қалаларда стильдендірілген немесе табиғи киіз үйлерден тұратын мейрамханалар немесе туристік объектілерді көре аламыз. Киіз үйдің дәстүрлі безендірілуі кез келген адамды өзінің сұлулығымен, сымбатымен таң қалдырады. Киіз үйдің басты мәнерлі безендірілуі – қолдан жасалған киіз кілемдер – текемет пен сырмақ. Қолданбалы өнердің кез келген туындысы нақышты өрнекті оюлармен безендірілген. Киіз үй халық өнерінің бір түрі ретінде Еуразия халықтарының рухани байлығымен материалдық құндылықтарды біріктіретін идеяларды қамтиды. Сондықтан дәстүрлер, қолөнер техникасы мен көркем еңбек технологиясы ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Қазіргі уақытта киіз үй кез келген климаттық аймақта оқшаулау және жылуды қорғау үшін қосымша шығындарсыз пайдалануға болатын ең жылдам тұрғызылатын құрылыс болып табылады. Сондай-ақ киіз үйді оңай қонақүй бөлмесіне, шағын дәмханаға немесе түрлі іс-шараларға арналған павильонға айналдыруға болады. Оның дизайны өте тез жиналатындықтан және қиындықсыз бөлшектеуге болады. Қазір табиғат пен адам әрекеті арасындағы тепе-теңдікті сақтау арқылы қоршаған ортаны сақтау маңызды. Тұрақты сәулет тұрғысынан алғанда, киіз үй ең қолайлы тұрғын үй нұсқасы болып табылады, ол іргетас қазуды қажет етпейді. Сонымен қатар, оның құрылысына ауыр техника пайдаланылмайды, ол салмағымен де, пайдаланылған газдарымен де қоршаған ортаға зиянын тигізбейді. Ең бастысы, киіз үйдің дизайны жергілікті жерде экологиялық таза материалдардан тұрады, бұл олардың тұрақтылығы мен беріктігіне жел, суық немесе ыстыққа төтеп беруге ешқандай әсер етпейді. Қазіргі жаһанданған әлемде киіз үйдің бірегей утилитарлық артықшылықтары экологиялық туризмде, мәдени демалыста, қызмет көрсету саласында және адам өмірінің басқа салаларында сәтті қолданылуы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[Электронный ресурс] Қазақ халқының ерте заманнан қолданылып келе жатқан киіз үйдің тарихы, <http://collegu.ucoz.ru/publ/92-1-0-15778>

- М.Поло. Путешествие в 1286 году по Татарин и другим странам Востока ОПБ, 1873. стр 63. С-Петербург. Типография П.П. Меркулова, Графский переулок, д, №5, 1873.
- Л.А. Гинзберг, Е.С. Спешилова. История развития архитектуры жилища от неолита до эпохи возрождения. Учебное электронное текстовое издание. Подготовлено кафедрой «Архитектура» Научный редактор: проф., д-р арх. наук С.М. Лыжин. [Электронный ресурс] С.И.Вайнштейн. Проблемы истории жилища степных кочевников евразии
https://journal.iea.ras.ru/archive/1970s/1976/no4/1976_4_042_Vainshtein.pdf
- [Электронный ресурс] Камал Әлпейісова, жазушы. Үшкір бұрыштарға ұрынбай өмір сүру философиясы, https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/53446/
- Штерн фон Э.Р. Из жизни детей в греческих колониях на Северном побережье Черного моря. Сборник археологических статей, поднесенный графу А.А. Бобринскому. Санкт-Петербург, 1911: 70 – 79.
- [Электронный ресурс] Suzhou Bay Cultural Center - архитектурная лента Мебиуса от лауреата Притцкеровской премии.
https://www.architime.ru/news/christian_de_portzamparc/suzhou_bay.htm#19.jpg
- Казахские народные сказки. Сост. Т. Дауренбеков. Пер. с каз. – Алма-Ата: Жалын, 1979
- Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии. Советская этнография. 1976; № 4: 42 – 62.
- Маргулан А. Х. Казахская юрта и ее убранство. Москва, 1964, стр. 6.
- Қазақстан тарихы. I том, 1966, 208-209-бб.